

Бекітемін:  
Мектеп директоры:  
С.Г.Аяпова



Келісемін:  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
А.Т.Айтмағанбетова

**Тәрбие жұмысының жоспары**  
**Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі**  
**4- класс**

**Класс жетекшісі: Койшеева Анар Оразгалиевна**

**2021 – 2022 оқу жылы**

## 2021-2022 оқу жылының мақсат-міндеттері

### *I. Мақсаты*

Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез- құлықтардың алдын алу.

### *II. Міндеттері:*

1. Отанының тағдыры үшін жауапты, белсенді азаматтық позициясы бар Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын қалыптастыру және дамыту.
2. Тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Балалар мен оқушы жастарда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие, қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру.
4. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту.
5. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашақорлықты тарату және басқа да келеңсіз құбылыстарды женуде қажет шарттарды қамтамасыз ету.

### *III. Нәтиже*

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт- дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді. Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан- жақты дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасайды.

### «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асырылуы:

2021-2022 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

*«Құндылықтарға негізделген білім беру»* бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Жоспарды жүзеге асыруға мектептің күзет қызметі мен техникалық қызметкерлерінен бастап, мұғалімдер мен директордан аяқтап, барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ата-аналар және басқалар өздері оқушыларға еліктеудің үлгісі бола отырып – зиянды әдеттерсіз, балаларға және бір-біріне мейірімді; қарым-қатынаста ашық және сынамайтын құндылықтар дарытады.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарына оқу, сабақтан тыс және қоғамдық маңызды жұмыстарын ұйымдастыру жатады.

Білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.



**2021–2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының  
ЖОСПАРЫ**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық – зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

2021-2022 оқу жылындағы құндылықтарға негізделген оқу тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар:

- 1) «Оқуға құштар мектеп»;
- 2) «Отбасы-орта мектеп»;
- 3) «Құқықтық сана-қауымға пана»;
- 4) «Дәстүр мен гұрыш»;
- 5) «Еңбек-елдің мұраты»;
- 6) «Үнем-қоғам қуаты»;
- 7) «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»;
- 8) «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»;
- 9) «Қоғамға қызмет»;
- 10) «Мектеп өмірінің бір күні»;
- 11) «Дебат» қозғалысы»;
- 12) Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- 13) «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- 14) «Музей сабақтары»- «Музей күні жобасы»;
- 15) «Театр сабақтары» жобасы



## 2020-2021 оқу жылындағы жүргізілген тәрбие жұмысын талдау

2020-2021 оқу жылында мектептегі оқу-тәрбие жұмысының бала тәрбиесімен оның жан-жақты дамуына отбасы мен жаңұяның, мектептің ынтымақтастығын арттыра отырып, ата-аналарға, оқушыларға оқу-тәрбие үрдерісінің мазмұны мен әдістемесін таныстыру. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысын жүргізудің 9 бағытын негіздей отырып тәрбие сағаттары жүйелі жүргізілді. Президент күніне арналған «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» байланысты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Дегенмен оқушының қазіргі заманға бейімдеу, өз ойларын еркін жеткізуге, жаңа қоғамдағы әлеуметтік жаңару кезеңінде дүниетанымдық негіздерін қалыптасуына, жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетанымдық көзқарастарын арттыру тәрбиелік жұмысымызды күшейттіруді талап етуде.

Сондықтан 2021-2022 оқу жылында алдыға қойған мақсатымыз: тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуына басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу, оқушының танымдық белсенділігін арттыру. 2020-2021 оқу жылында қойылған мақсат пен міндеттер орындалды.

**Тәрбие жұмысын жүргізу барысында шешімін таппаған мәселелерде 2021-2022 оқу жылында іс жүзіне асыру жоспарлары:**

1. Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысын сапалы деңгейге көтеруде дәстүрлі және заманауи жаңа жетістіктер негізінде тәрбие жұмысының жетілдіру.
2. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта қосымша, үйірме жұмыстарымен қамтылу санын арттыру.
3. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақты нығайту арқылы оқу-тәрбие мақсаттарына жету.

## 2021–2022 оқу жылында тәрбие үрдісінде баса назар аударылатын мәселелер:

1. Кәмелетке толмаған балаларға сол секілді олардың отбасыларына жайсыздық фактілері анықталған кезде жедел тиімді профилактикалық алдын алу жұмыстарын атқару.

2. Мектеп және отбасы арасындағы құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық үйлесімді қарым-қатынасты үздіксіз дамыту;

3. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында пәндік және спорттық үйірмелер жұмысын жүйелі ұйымдастыру;

4. Балаларды дұрыс тәрбиелей алмаушы отбасылардың негізгі проблемалары мен оның шығу себептерін анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу ;

5. Мемлекеттің қамқорлығын қажет етуші отбасыға өмірлік қиыншылықтар туындаған жағдайда қол ұшын беру, заң аясында әлеуметтік көмек алу мақсатында құқықтық кеңестер беру, психологиялық қолдау көрсету;

6. Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту аясында семинар-кеңестер, кәсіби байқаулар, педагогикалық оқылымдар ұйымдастыру;

7. Мектеп оқушыларының өмірі мен денсаулығын қорғау, оқушы қызметінің құқықтық жауапкершілігі мен заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру аясында әр күні бақылау, қадағалау жұмыстарын жүргізу;

8. Тәрбие жұмысының сапасы мен нәтижесін анықтаудың мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру;

### II. Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Орта білім беру ұйымындағы сабақ және сабақтан тыс жұмыстар тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүзеге асырылады, олар келесі құндылықтар жүйесін құрайды:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

2. Рухани-танымдық тәрбие;

3. Ұлттық тәрбие;

4. Отбасылық тәрбиесі;

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.



Тәрбие тұжырымдамасының бағыттары бойынша жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жоспары (4 сынып)

Қыркүйек

№	Тәрбие бағыттары	Тәрбие тақырыбының жұмысы	Формасы	Мерзімі
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мәңгілік ел – мәңгілік мұрат»	Білім сабағы	1 09 2024
		«Жолда жүру ережесін жадында ұста!»	Профилактикалық әңгіме	109 2024
2	Отбасылық тәрбие	«Мерейлі отбасы»	Таным сағат	6 09 2024
3	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Фастфудтың пайдасы, зияны»	Пікірталас	13 09 2024
4	Ұлттық тәрбие	«Ана тілі-жүрек үні»	Концерт сабақ	20 09 2024
5	Рухани адамгершілік тәрбиесі	«Қарттары бар елдің қазынасы бар» «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді»	Концерт сабақ	27 09 2024

Қазан

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Рухани адамгершілік тәрбие	Ұстазын ұлы тұтқан ел ертеңі жарқын болмақ	Әңгіме сағаты	04 10 2024
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Достық пен татулық мекені - Қазақстан»	Таным сабағы	11 10 2024
3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Мақал – сөздің мәйегі, мәтел-сөздің дәйегі»	Интеллектуалды ойын	18 10 2024
4	Ұлттық тәрбие	«Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу»	Таным сабағы	25 10 2024

Қараша

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жасөспірім және заң»	Таным сабағы	08 11 2024
2	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	«Киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен таныстыру»	Пікірталас	15 11 2024
3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Ақша уақыт тынысы» (Ұлттық валюта күні)	Таным сабағы	22 11 2024



4	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Халықтар достығы – ел бірлігі» (толеранттылық күні)	Сайыс	29.11.2021
---	--	--	-------	------------

**Желтоқсан**

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Тазалық-денсаулық белгісі»	Дәріс	02.12.2021
2	Ұлттық тәрбие	«Мәңгілік елімің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»	Сайыс	13.12.2021
3	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	«Қазақтың ырымдары мен тыйым сөздері»	Тәрбие сағаты	20.12.2021
4	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мінез-адам айнасы»	Пікірлесу	23.12.2021

**Қаңтар**

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Озық ойлы оқушы»	Сайыс	10.01.2022
2	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны»	Пікірталас	14.01.2022
3	Рухани адамгершілік тәрбие	«Тегімнің тарихы»	Зерттеу сабағы	24.01.2022

**Ақпан**

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Ата-анамның жұмысындағы 1 күн»	Презентациялық шолу	31.01.2022
2	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Балалар қылмысы:ұрлық пен болсалау»	Тәрбие сағаты	07.02.2022
3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	Ахмет Байтұрсынов туғанына 180 жыл	Таным сабағы	14.02.2022
4	Ұлттық тәрбие	«Ұршық – ұлттық құндылық, ұлттық - мұра»	Тәрбие сағаты	21.02.2022

**Наурыз**

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Көркем-эстетикалық тәрбие	«1 наурыз-алғыс айту»		29.02.2022
2	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Ұлттық ойындар – тәрбие құралы»	Сайыс	04.03.2022

3	Ұлттық тәрбие	«Наурыз тойы-мерекем, Салт-дәстүрім -берекем»	Ертеңгілік	14.03.2022
---	---------------	--	------------	------------

**Сәуір**

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Шынықсаң, шымыр боларсың»	Сайыс	01.04.2022
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Жарасымды киіне білу де -тәрбие»	Байқау	11.04.2022
3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Ең гүлді сынып»	Экочеллендж	11.04.2022
4	Рухани адамгершілік тәрбиесі	«Абай-дана, Абай-дара қазақта»	Таным/ мәнерлеп оқу	25.04.2022

**Мамыр**

№	Тәрбие бағыттары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтар»	Ерлік сабағы	02.05.2022
2	Отбасы тәрбиесі	«Жеті атаңды білесің бе?»	Сайыс	16.05.2022
3	Рухани адамгершілік тәрбие	«Адамгершілік шуағы сөнбесін!»	Дөңгелек үстел	23.05.2022



**2021-2022 оқу жылындағы 4 сыныптың тәрбие сағаттары**

№	Тақырыптары	Сағат саны	Өткізілетін уақыты
1	«Мәңгілік ел –мәңгілік мұрат» «Жолда жүру ережесін жадында ұста!»	1	01.09.2021ж
2	«Мерейлі отбасы»	1	06.09.2021ж
3	«Фастфудтың пайдасы, зияны»	1	13.09.2021ж
4	«Ана тілі-жүрек үні»	1	20.09.2021ж
5	«Қарттары бар елдің қазынасы бар» «Сәлем түзелмей , әлем түзелмейді»	1	27.09.2021ж
6	Ұстазын ұлы тұтқан ел ертеңі жарқын болмақ	1	04.10.2021ж
7	«Достық пен татулық мекені -Қазақстан»	1	11.10.2021ж
8	«Мақал –сөздің мәйегі, мәтел-сөздің дәйегі»	1	18.10.2021ж
9	«Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу»	1	25.10.2021ж
10	« Жасөспірім және заң»	1	08.11.2021ж
11	«Киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен таныстыру»	1	15.11.2021ж
12	«Ақша уақыт тынысы» (Ұлттық валюта күні)	1	22.11.2021ж
13	«Халықтар достығы – ел бірлігі» (толеранттылық күні)	1	29.11.2021ж
14	«Тазалық-денсаулық белгісі»	1	06.12.2021ж
15	«Мәңгілік еліміздің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»	1	13.12.2021ж
16	«Қазақтың ырымдары мен тыйым сөздері»	1	20.12.2021ж
17	«Мінез-адам айнасы »	1	27.12.2021ж
18	«Озық ойлы оқушы»	1	10.01.2022ж
19	«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны»	1	17.01.2022ж
20	«Тегімнің тарихы»	1	24.01.2022ж
21	«Ата-анамның жұмысындағы 1 күн»	1	31.01.2022ж
22	«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау»	1	07.02.2022ж
23	Ахмет Байтұрсынов туғанына 180 жыл	1	14.02.2022ж
24	«Ұршық –ұлттық құндылық , ұлттық -мұра»	1	21.02.2022ж
25	«1 наурыз-алғыс айту»	1	28.02.2022ж
26	«Ұлттық ойындар – тәрбие құралы»	1	07.03.2022ж
27	«Наурыз тойы-мерекем, Салт-дәстүрім -берекем»	1	14.03.2022ж
28	«Шынықсаң, шымыр боларсың»	1	04.04.2022ж
29	«Жарасымды киіне білу де -тәрбие»	1	11.04.2022ж
30	«Ең гүлді сынып»	1	18.04.2022ж
31	«Абай-дана, Абай-дара қазақта»	1	25.04.2022ж
32	«Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтар»	1	02.05.2022ж
33	«Жеті атаңды білесің бе?»	1	16.05.2022ж
34	«Адамгершілік шуағы сөнбесін!»	1	23.05.2022ж